

"Қазақстан Республикасының Президентін, Парламент Мәжілісі және Сенат, мәслихаттар депутаттарын сайлау кезінде үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындарын, сайлаушылармен кездесу үшін үй-жайларды анықтау туралы" Қарағанды қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 13 тамыздағы №33/08 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 29 маусымдағы № 26/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 10 шілдеде № 4301 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды қаласының әкімдігінің 2024 жылғы 18 маусымдағы № 32/01 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды қаласының әкімдігінің 18.06.2024 № 32/01 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 28 бабының 4, 6 тармақтарына сәйкес Қарағанды қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қарағанды қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 13 тамыздағы № 33/08 "Қазақстан Республикасының Президентін, Парламент Мәжілісі және Сенат, мәслихаттар депутаттарын сайлау кезінде үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындарын, сайлаушылармен кездесу үшін үй-жайларды анықтау туралы" қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2729 болып тіркелген, 2014 жылғы 30 тамызда "Индустриальная Караганда" № 152-153 (21673-21674) және "Орталық Қазақстан" № 165-166 (21770) газеттерінде, 2014 жылғы 17 қыркүйекте "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

кіріспе келесі редакцияда баяндалсын:

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 28 бабының 4, 6 тармақтарына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңына сәйкес Қарағанды қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қарағанды қаласы әкімі аппараты басшысының міндетін атқарушы Д.Т. Канаеваға, Қарағанды қаласы Қазыбек би атындағы ауданның әкімі Т.Н. Шатохинаға және Қарағанды қаласы Октябрь ауданы әкімінің міндетін атқарушы А.С. Канаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қарағанды қаласы
әкімінің міндетін атқарушы

А. Молдабаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК